



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
MINISTRY OF EDUCATION AND SCIENCE
OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN



Л. Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ
ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
ЕВРАЗИЙСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ
УНИВЕРСИТЕТ ИМ. Л. Н. ГУМИЛЕВА
GUMILYOV EURASIAN
NATIONAL UNIVERSITY



Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2015»
атты X Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
X Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2015»

PROCEEDINGS
of the X International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2015»

УДК 001:37.0
ББК72+74.04
Ғ 96

Ғ96

«Ғылым және білім – 2015» атты студенттер мен жас ғалымдардың X Халық. ғыл. конф. = X Межд. науч. конф. студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2015» = The X International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2015». – Астана: <http://www.eni.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie-2015/>, 2015. – 7419 стр. қазақша, орысша, ағылшынша.

ISBN 978-9965-31-695-1

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 001:37.0
ББК 72+74.04

ISBN 978-9965-31-695-1

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2015

ОҢТҮСТІК АЙМАҚТА ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ТУРИЗМДІ ДАМУДЫҢ ЭКОНОМИКАЛЫҚ МҮМКІНДІКТЕРІ

Өмірзақов Саян Еркінұлы

s_a_i_a_n@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті «Туризм» мамандығының 2 курс
студенті, Астана, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі – Д.Женисхан

Бүгінгі таңда экотуризм мәселесі әлемдік деңгейде айрықша маңызға ие. Қазақстан Республикасындағы туристік потенциалы жоғары аймақтарды толығымен пайдалану – мемлекеттік деңгейдегі негізгі мақсаттардың бірі. Экологиялық туризмді дамыту мәселелері бойынша Қазақстан туристік ассоциациясы және туристік индустрияны дамыту мақсатындағы сала мамандары жұмыс жасауда.

Қазақстан Республикасының барлық аймақтары туристік әлеуеті бойынша ерекше маңыздылықтармен сипатталады. Солардың бірі Сыр бойындағы туризм саласынан кенде емес Қызылорда облысындағы Қамыстыбас көлі. Тарихы терең Арал ауданындағы Қамыстыбас көлін туристік мақсатта пайдалану оңтүстік аймақты дамытудың маңызды экономикалық мүмкіндігін көрсетеді.

Қызылорда облысының қазіргі экологиялық ахуалына тоқталатын болсақ, ол төменгі дәрежеде. Адам денсаулығы өндіріс қалдықтары мен Байқоңыр айлағының әсерінен зардап шегуде. Табиғат тазалығы, байлығы халық қажеттілігін өтей алатындығымен қатар адам денсаулығына әсерін ескере бермейміз. Жаз айларында халықтың өзен, көлдерге шомылып, демалыс орындарына айналдырып жататындығы бәрімізге аян. Сондай халықтың жағажайға айналдырған көлінің бірі – Қамыстыбас көлі. Қамыстыбас көліне жаз айларында облыстың түкпір-түкпірінен демалушылар ағылып келіп жатады. Күнге қыздырылған халықтың саны Қырғызстандағы Ыстықкөлді елестетеді.

Қамыстыбас көлінің жанға шипа болатын химиялық құрамы емдік балшықтары, тартымдылығымен ерекшеленетін құмды алқаптар, өсімдіктері мен жануарлары көлдің маңыздылығын көрсете алады. Көлдегі хлоридтер мен сульфаттардың басым бөлігі судың тұздылығын көрсетеді. Ал иодтың болуы – су шипалылығының белгісі. Су құрамындағы мыстың, хромның нормативтік көрсеткішке сәйкестігі судың залалсыз екендігін көрсетеді. Қазіргі таңда көптеген йод тапшылығына сәйкес аурулардың (жемсау, микседема, бақшаңкөз, т.с.с) белең алуы баршамызға аян. Йод – қалқанша безінің тироксин гармонының негізгі құрамы. Ал гармон құрамындағы йод адам ағзасының өсуіне, ақыл-ойының жетілуіне, жүрек жұмысына, көңіл-күйіне көп әсер етеді. Қазіргі таңда әлі күнге дейін таза йод табылған жоқ. Теңіз суында йод көптеп кездеседі. [1]

Сол сияқты Қамыстыбас көлінде де йод мөлшері жеткілікті. Осы орайда зерттеу нысаны ретінде алған Қамыстыбас көлін туризм нарығындағы зерттеу жолдарының жаңа бағыты – ұлттық жарнамалау арқылы туризм аймағына айналдыру қажет. Қамыстыбас көлін келешекте туризм аймағына айналдыру мынадай жаңа жоспарлар көздейді:

-келешекте салынатын демалыс үйлері мен санаторийлерді халықаралық стандартқа сай сәйкестендіру;

-шағын үйлер мен кемпингтер салу;

-ұлттық дәстүрлерімізді көрсететін этноауыл құрып, ұлттық тағамдар кафесін ашу қажет;

-тұрмыстық және техникалық қызмет саласын, жол инфрақұрылымын жақсарту міндеттері тұр. Бір кезде шығарылып келген ұлттық үлгідегі сувенир өнімін қайта жаңғыртып, кеңейткені абзал.

Маңызды мәселенің бірі – өлке тарихын, туристік маршруттарды жақсы білетін, сауатты, патриоттық рухта тәрбиеленген мамандарды, үш тілге жетік гидтерді,

экскурсия жүргізушілерді, туризм нұсқаушыларын, аудармашыларды даярлау.[2]

Қамыстыбас көліне көрші мемлекеттер, шетелдерден келіп тынығушылар саны жылма-жыл артуда. Қамыстыбас көлінің ерекшелігі – ең тұнық көл, суы мөлдір, түбі мен жағалауы қиыршық құмды. Көлдің емдік қасиетін ғылыми тұрғыдан әлі толық зерттемесе де, емдік қасиеті бар екенін жергілікті тұрғындар жақсы біледі. Көбіне тері жаралары, адам денесіндегі жарақат көлге түскеннен кейін жазылып кетіп жатады. Сырдария өзенінің көлге құятын аңғарында йод иісі кәдімгідей аңқиды. Тағы бір ерекшелігі – күнге қыздырылған адам денесіндегі Қамыстыбас көлінен алған күйігі келер жылға дейін сақталады екен. Байқоңыр қаласынан келген ресейліктер мен түрлі салада қызмет етіп жүрген шетелдіктер Қамыстыбас көліне демалуды жөн санайды. Өйткені емдік қасиеті мол Қамыстыбас суының шипалылығы көптеген адамдардың денсаулығына оң әсерін тигізуде. Көл суының мөлдір тазалығы, минералды құрамы туризм имиджін қалыптастыра алады. Қазіргі таңда тынығушыларға арналған орын да, жағдай да толық жасалмаған. Сондықтан Қамыстыбас көлінің қасиетін ескере келе онда емдеу-сауықтыру орталығын ашып, туристерге ыңғайлы жағажайлар мен қонақ үйлер салуға мүмкіндік бар. Бұл жоба әлемге Арал өңірінің экологиялық аймақ ретінде емес, туризм саласында Қазақстан бойынша бірден-бір танымал тынығу орнына айналар еді.

Жалпы Қамыстыбас көлін туристік аймақ ретінде дамыту Қазақстанның, оның ішінде Қызылорда облысының экономикалық-әлеуметтік әлеуетін арттырады сөзсіз.

Осы мүмкіндіктерге қол жеткізу мақсатында мемлекет тарапынан ауқымды қолдаулар көрсетілген. Атап айтқанда, туристік салада мемлекеттік реттеу келесі міндеттерді шешуді көздейді:

- Туризмнің басым бағыттарын айқындау және сәйкес мақсатты бағдарламаларды жасау;

- Халықаралық бірлестікте елдің тартымды үлгісін жасау, оның туристік ресурстарын насихаттау;

- Туризм инфрақұрылымын жасау мақсатында мемлекеттік және жеке сектор ресурстарын шоғырлау;

- Жолдарды күрделі жөндеуден өткізу және қайта жөндеу, салу, коммуникациялық және инженерлік құрылыстар бойынша шаралар қабылдау;

- Туристік кластерге қатысушылардың ынтықтасуын арттыру, яғни салық преференциялары мен мемлекеттік грант беру механизмдерін белсенді пайдалану;

- Мемлекеттің құзырлы және жергілікті атқарушы органдарына ынтықтасушы ұсыныстарды енгізу жолымен кластерді дамыту процесіне қатысушылар белсенділігін арттыру;

- Туристік аймақтарға кіру мүмкіндігін қамтамасыз ету, туристік көз тартарлық объектілерді қорғау;

- Туризмге жеке инвестицияны қызықтыру үшін жеңілдіктер бөлу;

- Туристік аудандардың тартымдылығын көтеру мақсатында маркетинг және жарнамалық тиімді шараларды анықтау;

- Қоршаған ортаны қорғау мен жерді пайдалану ережелерін бекіту, олардың орындалуын бақылау;

- Лицензиялау ережелерін қабылдау және қадағалау, сонымен бірге, туристік объектілер мен туристерге қызмет көрсетулер сапасын бақылау;

- Туризм аясы қызметкерлерін кәсіби даярлау, қайта даярлау және кәсіби деңгейін көтеру;

- Даму институттары ресурстарын қолдану механизмін өңдеу және тиімді пайдалану.[3]

Мемлекет тарапынан атқарылатын жоғарыдағы міндеттерді ескеретін болсақ, туристік потенциалды арттыруда Қызылорда облысының өзіндік туристік мүмкіндіктері нақтыланады.

Қазіргі кезде «Қамыстыбас» туристік аймағын құру туралы бағдарлама Қазақстан туризмінде елеулі орын алатыны анық. Бұл бағдарламаның негізгі мақсаты – ішкі туризмді және дәл солай шетелдік туризмді дамыту, нәтижесінде Қазақстанның ұлттық турөнімінің

әлемдік туристік нарыққа жылжуын арттыру, туристік индустрияны халықаралық кәсіпкерлік және іскерлік ынтымақтастық сала ретінде құру, сондай-ақ туризм саласының мемлекет экономикасының табысты секторы ретінде қалыптасуын көздейді.

Бағдарламаны іске асыру аясында келесі іс-шаралар қарастырылған:

- Қызылорда облысы экономикасының құрамдас бөлігі ретінде туристік саланы құруға;
- Жергілікті, халықаралық деңгейде қажылық және оның алуан түрлерінде (танымдық, іскерлік, спорттық, сауықтыру, экзотикалық, экологиялық т.с.с) туризм индустриясын құруға;
- Туризм инфрақұрылымын жасауға: сервистік және сауда қызметін көрсететін кәсіпорындарды, табынушылық және туристік кешендер, халық қолөнер шеберханаларын, этнографиялық мұражайларды, өнердің дәстүрлі нысандарын белгілейтін салт жоралық, этнографиялық және фольклорлық театр мен ұжымдар, керуен жолдарының, жаяу жүру маршруттарының тарихи ландшафтын жаңғыртуға, жолдарды, су жабдықтау және арна жүргізу жүйесін жаңартуға және көркейтуге, электр жарығымен жабдықтау;
- Туризм саласында қызмет істейтіндердің санын арттыруға және жаңа жұмыс орындарын ашуға;

- Жергілікті бюджеттердің салық салынатын базасын кеңейтуге мүмкіндік береді.

Демек, Қызылорда облысындағы туристік индустрияны дамытудың басты көздерінің бірі. Болашақта бұл аймақта әлем талаптарына сай келушілерге арнап демалатын жерлер мен суға түсетін орындар, тұрмыстық және сервистік қызмет көрсету орындары ашылады. Сондай-ақ, бұл демалыс аймағында көркейту және абаттандыру жұмыстары жүргізіледі. Дегенмен, Қызылорда облысындағы туризмнің дамуына кедергі болып отырған негізгі мәселелер мыналар:

- 1) құнды және тартымды экскурсиялық объектілерге автокөлік жолдарының болмауы немесе нашар жағдайы;
- 2) экскурсия нысандары жағдайының нашарлығы – қолайлы тамашалау алаңдарының, ақпарат тақпаларының, жабдықталған және қауіпсіз жолдардың, демалыс орындарының жоқтығы, әсіресе қолайсыз ауа райы жағдайында (жаңбыр, қатты жел, ыстық);
- 3) алыс аудандарда жергілікті тұрғындар ішінен білікті қызмет көрсетуші болмауы;
- 4) облыстың рекреациялық жерлерінде электр жарығымен, сумен жабдықтаудың және көріз жүйелерінің болмауы.[4]

Туризм инфрақұрылымының жеткіліксіз дамуын, сондай-ақ қаржылық қаражаттың шектеулі екенін ескеріп, шағын қонақ үйлердің, қонақтарға арналған үйлердің, кемпингтердің және мотельдер желілерінің, бірнеше киіз үйлерден тұратын ұлттық ауылдардың алғашқы кезектегі құрылысын айқындау қажет. Сонымен қатар киіз үйлер жасайтын кәсіпорындарды қалпына келтіру және жаңаларын салу қажет. Шетел туристерінің келу бағыттары бойынша турларына ұлттық нақыш беру ұлттық қолөнерлердің қайта дамуына, жаңа жұмыс орындарын құруға ықпал ететін болады.

Қазіргі таңда еліміздегі туризм деңгейінің дамуы орташа, яғни даму үстінде деп айтуға болады. Оның бірден-бір себептерінің бірі ретінде инфрақұрылымның дамымауын айтуға болады. Инфрақұрылымды дамыту жұмыстарына үкімет те белсенді қатысуда, дегенмен біздің еліміздегі туризм нысандары мен объектілері батыстық стандарттарға сай келмеуде. Ал қаражаттың көп бөлігі сол елдерде екенін ұмытпағанымыз жөн болар. Сондықтан, болашақта жасалатын іс-шаралардың барлығын тек сол бағытқа бағыттап жасаған абзал.

Қорыта айтқанда, еліміздің экономикасына елеулі үлесін қосатын, сүбелі жобалардың бірі ретінде осы Қамыстыбас көлі аймағы жобасын айтуға болады. Жалпы экономикасының басым бөлігі туризмнен түсетін елдермен бір дәрежеде болып, осы жобаның Қазақстан Республикасының туристік әлеуетін арттыратын жоба ретінде танылып, қазақстандық және шетелдік туристердің назарын аудартатынына сенімім кәміл!

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. <http://visitkazakhstan.nur.kz>
2. http://baq.kz/regional_media/post/59932

3. www.korkyt.kz/Docs/sugurova.doc

4. <http://www.aral.aral.gov.kz/news/1177/>

УДК 338.48(075)

ПРЕИМУЩЕСТВА ИСПОЛЬЗОВАНИЯ КОНЦЕПЦИИ СОЦИАЛЬНО-ЭТИЧЕСКОГО МАРКЕТИНГА В ИНДУСТРИИ ТУРИЗМА И ГОСТЕПРИИМСТВА

Пономарева Анастасия Андреевна, Стародубцева Регина Юрьевна

tt-121ogis@mail.ru

Студенты Омского государственного института сервиса, Омск, Россия

Научный руководитель – канд. экон. наук, доцент каф. туризма, гостиничного и ресторанного бизнеса М. А. Грицай

Аннотация

В статье проводится анализ имеющихся преимуществ использования концепции социально-этического маркетинга в сфере туризма и гостеприимства. Раскрываются положительные и отрицательные стороны данной концепции. Приводятся примеры предприятий, осуществляющих социальные программы с описанием достигаемых ими выгод. Делается вывод о целесообразности применения концепции социально-этического маркетинга в сфере гостеприимства и туризма.

Актуальность темы исследования обусловлена современными тенденциями развития философии туристского и гостиничного бизнеса, требующими сбалансированности трех основных факторов: прибыли предприятий и фирм, интересов покупателей и общества в целом. Индустрия туризма и гостеприимства как одна из быстро развивающихся сфер бизнеса вынуждена соответствовать современным тенденциям общества, как-то: охрана природы, разумное использование и сохранение ресурсов, защита прав потребителей.

Целью данной работы является выявление преимуществ использования концепции социально-этического маркетинга предприятиями индустрии туризма и гостеприимства.

В работе поставлены следующие задачи:

1. Определить сферу применения понятия «социально-этический маркетинг».
2. Охарактеризовать преимущества и выявить недостатки использования концепции социально-этического маркетинга.
3. Рассмотреть действие социально-этической концепции на примере различных компаний и фирм сферы туризма и гостеприимства.

Социально-этический маркетинг – это относительно новое направление в маркетинге, суть которого заключается в ответственном подходе к реализации продукции, и в заботе не только о своей личной выгоде, но и о благосостоянии всего общества [1].

К сфере социально-этического маркетинга относятся этическая ответственность за безопасность продукции, правдивость и достоверность рекламы, объективная справедливость ценообразования. Также к этому направлению можно отнести благотворительный маркетинг, волонтерскую деятельность, продвижение благих дел, социально ответственный подход к ведению дел, защиту окружающей среды, корпоративную филантропию.

Данное направление в маркетинге возникло не случайно. Основными причинами его появления являются проблемы загрязнения окружающей среды, понимание ограниченности природных ресурсов. Социально-этический маркетинг – это не просто проявление положительных личностных качеств владельцев компаний. Новое время предлагает новые требования, удовлетворение которых является существенным конкурентным преимуществом перед другими организациями. По мнению Г. Армстронга и Ф. Котлера, качественный товар будет пользоваться спросом, если он соответствует неэкономическим общественным